

А. Мінішева, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Фылыми жетекшісі: Е. Т. Тұспібеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының ІІО басқару кафедрасының бастығы

ІІО МАҚСАТТЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ РЕТИНДЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің жалпы негізгі функцияларына біздің қоғамның саяси жүйесі — заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді жаткызады. Бұл функция осы немесе басқа да түрде әрбір мемлекеттік органмен жүзеге асырылады. Республикада адамның құқығы мен бостандығы, құқықтық тәртіпті нығайту мен заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері оның ең жоғары байлығы болып табылатын құқықтық, тәуелсіз, демократиялық мемлекеттің құрылу талаптары актуаланады.

Қазақстан Республикасында ішкі істер органдарының құрылуды Қазақ мемлекетінің құрылудымен ажыратылmas байланыста жүрді.

Айта кететін жайт, зерттеу жүйесінің қағидалары В. Г. Афанасьев, В. П. Кузьмин, В. А. Красных, С. Г. Новиков, В. А. Садовский деген құқықтанушы ғалымдардың назарын аударады. Ишкі істер органдарында басқару үйымдарын жүйелеу тәсілдерін зерттегендер: В. Н. Селиванов, А. Х. Юдашев, В. Ф. Сухарев, Н. И. Иванов.

Қазіргі заманда мемлекет бүкіл халықтың өмірінің қалыпты тәртібін қамтамасыз ету киынға соғады, бірақ оның әр түрлі құқықкорғау органдарының мүмкіндіктерін функцияландыру арқылы, қылмысты тоқтатуға болады. Республиканың құқықкорғау органдарының жүйесіндегі ең маңыздыларының бірі деп ішкі істер органдарын алуға болады. Бұл байланыста Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бүкіл жүйесінің жетілдірілуі маңызды рөл аткарады. Ишкі істер органдары өзіне тиесілі құқықтық әдіс-тәсілдермен елдегі барлық құқықтық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз етуге септігін тигізу қажет.

Н. Э. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» атты Қазақстан халқына жолдауында айтқандай, -қазіргі уақытта мемлекеттік басқарудың курделендірілген жүйесі қоғамның және экономиканың өзі жүйелі болуға тиіс. Әрине, мұның бәріне тек кезең-кезеңмен ғана қол жеткізуге болады, егер мемлекет функциялары ұзақ мерзімді реформациясының келісілген және бірізді жоспарын құрастырган жағдайда.

Қоғамның радикалды жетілдірілуі сонымен қатар мемлекеттің оның атрибуттарымен ауыстырылуы, экономиканың реформасы түрлі мемлекеттік органдармен басқаруды үйимдастыру жүйелерін зерттеуге жоғары қызығушылықты арттырады. Құқықтық мемлекеттің міндеті мемлекеттік-құқықтық қатынастар жүйесін құру, мемлекеттік органдардың қызметін үнемі қадағалау, олардың қоғам алдындағы жауапкершілік механизмінен тұрады. Осыған орай қазіргі кезеңде елеулі маңыздылық ішкі істер органдарының жүйесін басқаруды зерттеу, оның жетілдірілуіне ұсыныстар жасау, алынған мәліметтердің заңдылығы мен тенденцияларын дамыту болып табылады.